

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36062 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 30 сәуірдегі
№ 99 бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 459

бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9940 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тарау жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (әрі қарай - Зан) 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.". "

2. "Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20478 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және женілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары:

мынадай мазмұндағы 7-2-тармағымен толықтырылсын:

"7-2. Жалпы білім беретін мектепте тегін және женілдетілген тамақтандыруды ұсыну туралы хабархат (хабарлама), оны есепке алу және алу "әлеуметтік әмиян" арқылы жүзеге асырылады".

3. "Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең тәменгі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30534 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең тәменгі талаптарында:

33-1-тармағының 4) және 5) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"4) "Әлеуметтік әмиян" ақпараттандыру объектісіне тіркеу туралы ақпаратты бере отырып, мектеп асханасында тамақтануға ақы төлеуді, тегін және женілдікпен тамақтануды есепке алуды және тіркеуді қамтамасыз ету;

5) "Әлеуметтік әмиян" ақпараттандыру объектісінде білім алушылардың тамақтануы туралы ақпаратты көрсете отырып, мектеп асханасында ата-аналарды немесе басқа да занды өкілдерін автоматты түрде хабардар ету;".

4. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32226 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары:

мынадай мазмұндағы 9-2-тармағымен толықтырылсын:

"9-2. Тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну туралы хабархат (хабарлама), оны есепке алу және алу "әлеуметтік әмиян" арқылы жүзеге асырылады.".